



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 07.10.2025 жылдың № 01-03/1050 санды шығыс хатына сәйкес, **2025 жылдың 21 қазан** күні көркем еңбек пәні мұғалімдері арасында «**Үздік шығармашылық жұмыс**» атты аудандық сырттай шығармашылық байқау өткізетінін хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын мұғалімдердің сұраныстары мен шығармашылық жұмыстары **2025 жылдың 20 қазан** күнінен кешіктірмей аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Ескерту! Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 бет (Байқау ережелері)

Басшы

М.Сванов

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 87028862370

« Бекітемін»

Т.Рыскүлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.А.Сванов

« 09 » қазан 2025ж

Аудандық «Үздік шығармашылық жұмыс» байқауын ұйымдастыру және өткізу ережелері

Жалпы ережелер

1.1. «Үздік шығармашылық жұмыс» атты аудандық шығармашылық байқауын өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) оның мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәрібін анықтайды.

1.2. Байқаудың мақсаты – көркем еңбек пән мұғалімдерінің шығармашылық белсенділіктерін арттыру, озық іс-тәжірибелерін анықтау және насихаттау.

1.3. Байқаудың негізгі міндеттері:

- шығармашылық жұмыс жасайтын мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерін тарату;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерге қолдау көрсету;
- педагог мәртебесін арттыру және кәсіби қызметте жоғары жетістіктері бар шығармашыл педагогтерді анықтау.

1.4. Байқауды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамдарын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

Байқау кезендері

2.1. Байқау екі кезеңде өтеді:

- 1) бірінші – аудандық кезеңі – **2025 жылдың 21 қазан күні;**
- 2) екінші – облыстық кезеңі – **2025 жылдың 24 қазан күні.**

2.2. Сұраныс (*аты-жөні, номинациясы, жұмыстың тақырыбы, мектебі*), жұмыс **2025 жылдың 20 қазанына дейін** Н.Дархамбековаға жіберілуі тиіс.

Байқау қатысушылары және тәртібі

3.1. Байқауға аудандағы көркем еңбек пәнінің мұғалімдері қатыса алады.

3.2. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық кезеңдегі іріктеуден өткен әр номинациядан жеңімпаз жұмыстар (*бір мұғалім бір номинациядан қатысады*) ғана жіберіледі.

Байқаудың өткізілуі

Байқау жұмыстарының номинациялары:

1. «Табиғи материалдан жасалған жұмыстар» номинациясы;
2. «Тұрмысқа арналған креативті жұмыстар» номинациясы;
3. «Ұлттық көркемдік және халықтық колөнері жұмыстар» номинациясы;
4. «Ұлттық колориттік сәндік жұмыстар» номинациясы;
5. «Жарамсыз материалдардан жасалған жұмыстар» номинациясы;
6. «Тоқыма сәндік жұмыстар» номинациясы;
7. «Жүннен жасалған сәндік жұмыстар» номинациясы.
8. «Қайыс пен былғарыдан жасалған жұмыстар» номинациясы.

Байқауға ұсынылатын жұмыстардың талаптары және бағалау тәртібі

Байқауға ұсынылатын материалдардың:

- номинация тақырыбына сәйкестігі;
- эстетикалық талаптардың сақталуы.

Байқау жұмыстарын бағалауда төмендегі критерийлер ескеріледі:

Бағалау критерийлері:

- номинацияға сәйкестігі;
- композициялық ерекшелігі;
- сапасы және эстетикалық талғамы;
- техникасы және орындау әдісі;
- мазмұны.

Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

Жеңімпаздар қазылар алқасының шешімімен бағалау критерийлеріне сәйкес анықталады.

Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

**«Үздік шығармашылық жұмыс» атты
аудандық сырттай байқауына
СҰРАНЫС**

| Қатысушы туралы мәлімет | | |
|-------------------------|-------------------|--|
| 1. | Т.А.Ә. | |
| 2. | Номинациясы | |
| 3. | Жұмыстың тақырыбы | |
| 4. | Жұмыс орны | |
| 5. | Лауазымы | |
| 6. | Мекен-жайы | |
| 7. | Байланыс телефоны | |
| 8. | E-mail | |

Мектеп директоры _____

(Т.А.Ә.)